

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«КОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ БІЛІМ  
БӨЛІМІНІҢ СПАНДИЯР КӨБЕЕВ  
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ  
110000 Қостанай қ. 7 шағынаудан 25/2  
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА  
ИМЕНИ СПАНДИЯРА КӨБЕЕВА  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА  
КОСТАНАЯ» УПРАВЛЕНИЯ  
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ  
110000 г.Костанай 7 микрорайон 25/2  
Тел:22-48-33 Факс:22-07-64

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

**2026 жылы 26 мамыр**

**Бұйрық № 367-н/к**

**«2026 жылғы жазғы кезеңде  
балалар мен жасөспірімдерді жұмыспен  
қамтылуын ұйымдастыру туралы»**

«2026 жылға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы», «Қостанай қаласы әкмідігінің білім бөлімі» ММ 2026ж. 25 мамырдағы № 333 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

**1. Жазғы демалыс кезінде балалардың сауықтыру демалысымен,  
бос уақыты қамтылуы қамтамасыз етілсін;**

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Каринаға:

1.1. 01.06.2026 жылдан бастап балаларды тамақпен 1-4 сыныптар үшін жалпыға бірдей оқу қоры есебінен және тамақсыз мектеп жанындағы алаңдарына орналастыруды қамтамасыз ету.

1.2. Есептің барлық түрлерінде тұратын кәмелетке толмағандарды 100 % қамти отырып, мектеп жанындағы алаңда балалардың жұмыспен қамтылуы қамтамасыз етілсін.

1.3. «Заң және Тәртіп» идеологиясы аясында мектеп қызметкерлері қатарынан тәлімгерлерді бекіте отырып, девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандармен жұмыс жүргізу бойынша психологиялық алаңның жұмысын қамтамасыз етілсін.

1.4.«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының орындалуын, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асырылуын қамтамасыз ету;

1.5. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру аясында жазғы кезеңде Қостанай қаласы мектептерінің оқушыларының Наурызым мемлекеттік табиғи қорығына және экологиялық экскурсияларға қатысуын қамтамасыз етілсін.

1-6. Балалардың жазғы демалыс бағдарламаларына қызықты ойын, экскурсиялық, шығармашылық жобалар, экологиялық акциялар және пайдалы әдеттер арқылы «Жасыл сабақтар» жобасының элементтері енгізілсін.

1-7. Қауіпсіздік техникасы, судағы мінез-құлық қағидалары, өрт және жол қауіпсіздігі, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар бойынша нұсқамалар өткізу ұйымдастырылсын.

1.8. Инклюзивті демалысты ұйымдастыруды және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қатысуына жағдай жасауды қарастырсын.

1.9. Балалардың жазғы демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы ақпаратты ресми интернет-ресурстарда орналастыру қамтамасыз етілсін.

1.10. Мектеп жанындағы алаңдарда өрт қауіпсіздігін, сондай-ақ жазғы демалыс, бос уақыт және жұмыспен қамту кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдансын.

1.11. Мектеп оқушыларының барлық қозғалысы (экскурсиялар) міндетті түрде мұғалім мен медицина қызметкерінің сүйемелдеуімен мектеп бойынша бұйрықпен бекітілуі керек

## **2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Каринаға:**

2.1. тұрақты бақылауды жүзеге асыру:

- мектеп жанындағы алаңдарды, сондай –ақ мектеп асханаларын ұйымдастыруға қойылатын санитарлық – гигиеналық талаптарды мектепте сақтау;

- балалар өмірінің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау.

- «Жас құтқарушылар» үйірмесінің жұмысын жалғастыру.

## **3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Каринаға:**

3.1. балаларды жазғы уақытта білім беру ұйымдарында жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру

3.2. 2026 жылдың 5 маусымға дейін білім бөліміне 2026 жылдың жазғы маусымында жазғы демалысты ұйымдастыру жөніндегі іс- шараларды жариялау бойынша медиа-жоспар әзірлеу

3.3. Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасына әр айдың 20- күніне ағымдағы айдағы балалар мен жасөспірімдерді жұмыспен қамту туралы есепті ұсыну

3.4. 2026 жылғы 1- маусымнан бастап жазғы алаңдар қызметінің жай-күйіне мониторинг жүргізу

## **4. Мектептің әлеуметтік педагогы Г.С. Исмаиловаға:**

4.1. жазғы кезеңде демалуға және сауықтыруға мұқтаж аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар мен жетім балалардың, сондай – ақ білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарының контингентін айқындау;

4.2. аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балалардың, жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жазғы демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру;

4.3. қала сыртындағы лагерьге жолдама ұйымдастыру

4.4. әр оқушыға құжаттар пакетін уақтылы ұсыну

4.5. мектеп жанындағы алаңдарда жоғарыда көрсетілген санаттағы балалардың тамақтануын ұйымдастыруға тұрақты бақылауды жүзеге асырсын

**5. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Каринаға:**

5.1. жазғы жұмыспен қамту үшін үйде оқитын оқушылар мен ерекше жалпы білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың тізімін анықтау.

5.2. ерекше жалпы білім беру қажеттіліктері бар және үйде оқытылатын оқушылардың жазғы жұмыспен қамтылуын бақылауға алынсын

5.3. Мектеп ішінде мектеп алаңдарына арналған бөлмелер бекітілсін: №1, №2, №3, №4, №5, акт залы, кітапхана.

**6. Директордың әкімшілік – шаруашылық жұмысы бойынша орынбасары**

2026 ж. 30 мамырға дейін:

- мектеп алаңының жұмыс барысында өрт қауіпсіздігіне міндетті адам бекітсін.

- жазғы алаңға қажеттік спорттық және кеңсе тауарларымен мұғалімдерді қамтамасыз етсін.

7. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



A handwritten signature in black ink, which appears to be 'Жақия М.М.', written over the official seal.

Жақия М.М.